

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
13.11.2019 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НЫҒМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 13.11.2019 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті әлеуметтік сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым). Бұл мәселе бойынша да сөз депутат Нұркина Айгүл Қабдешқызына беріледі.

НҰРКИНА А.Қ. Рақмет.

Құрметті Гүлмира Истайбекқызы! Құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті әлеуметтік сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы 2019 жылғы 12 маусымда Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің жалпы отырысында бірінші оқылымда мақұлданды.

Заң жобасы қолданыстағы заңнамалық актілерді «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заң жобасының жаңа редакциясына сәйкес келтіру мақсатында әзірленді. Және онда 4 кодекс пен 17 заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделеді.

Соның ішінде:

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» және «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» заңдарға түзетулер енгізіледі. Бұл түзетулер жұмыс берушілерден өндіріп алынған берешек қаражатының Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына қатысушылардың тиісті жеке шоттарына есептелуін қамтамасыз етуге бағытталады;

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекске, «Концессиялар туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» заңдарға да өзгерістер енгізіледі. Мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің инфрақұрылымдық моделі енгізіледі. Бұл модель медициналық жоғары оқу орындарының жанында университеттік клиникаларды салу және олардың одан әрі жұмыс істеуі бойынша заңнамалық негіз жасау мақсатында көзделіп отыр.

«Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңдарға түзетулер енгізіледі. Мүгедектерді

жаңадан құрылатын әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы қажетті техникалық көмекші құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен, сондай-ақ санаторийлік-курорттық емдеумен және әлеуметтік көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз етудің жаңа тетігі ұсынылады;

Бюджет кодексіне, сондай-ақ «Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы», «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы», «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы», «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңдарға өзгерістер енгізіледі. Бұл түзетулер Мемлекет басшысының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Жолдауында берілген тапсырмасын орындау үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұсынысы бойынша әзірленіп, енгізілді. Және олар бүкпесіздік, әлеуметтік әділдік және еңбекке ынталандыру қағидаттарына негізделген, атаулы әлеуметтік көмек көрсету тетігін жетілдіруге бағытталады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Жолдауына сәйкес жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын енгізуді 2020 жылдан 2023 жылғы 1 қаңтарға ауыстыру бойынша бірқатар заңдарға түзетулер енгізілді.

Сонымен қатар, заң жобасының тақырыбын «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті әлеуметтік сақтандыру, әлеуметтік қамсыздандыру және денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік-жекешелік әріптестік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» деп өзгерту жөнінде түзету енгізілді.

Комитет заң жобасының таныстырылымын, комитеттің екі кеңейтілген отырысын және жұмыс тобының 14 отырысын өткізді.

Парламент Мәжілісінің барлық комитеттері заң жобасы бойынша он қорытындыларын берді. Салыстырма кесте қабылданған 86 позициядан тұрады.

Сөзімнің соңында осы заң жобасын талқылауға белсене қатысқаны үшін жұмыс тобының барлық мүшелеріне алғысымды білдіргім келеді.

Осы айтылғандарды ескере отырып, заң жобасын екінші оқылымда мақұлдауды және Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қарауына жіберуді сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Рақмет, Айгүл Қабдешқызы.

Құрметті әріптестер, бас комитет осы заң жобасын тұтастай мақұлдау жөнінде ұсыныс енгізді. Қарсылықтарыңыз болмаса, осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Заң жобасы тұтастай мақұлданды.

Енді осы мәселе бойынша қаулының жобасына дауыс беруіміз қажет.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Қаулы қабылданды.



Құрметті әріптестер, заң жобасын қамтамасыз ету үшін сенатқа мақұлдауды сұраймын.
Майя Н. Шайтанбаева